

## 2014 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 шілдедегі № 277 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 12 тамызда № 2806 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 мамырдағы № 228 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 25.05.2015 № 228 қаулысымен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы

23 қаңтардағы Заңының 27 бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларының 8-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

#### 1. Мыналар:

Алматы облысы бойынша 2014 жылға арналған басым ауылшаруашылық дақылдардың тізбесі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес;

2014 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар нормалары осы қаулыға 2- қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (А.Көшкімбаев) субсидиялауды қаржыландыруды жергілікті бюджеттен жүзеге асырсын.

3. Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 3 мамырдағы "2013 жылғы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау туралы кейбір мәселелер жөнінде" № 122 (2013 жылдың 15 мамырдағы № 2357 нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген және 2013 жылдың 23 мамырдағы "Жетісу" мен "Огни Алатау" газеттерінің № 62 сандарында жарияланған) және 2013 жылғы 3 желтоқсандағы "2013 жылғы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау туралы кейбір мәселелер жөнінде" облыс әкімдігінің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 122 қаулысына өзгерту енгізу туралы" № 374 (2013 жылдың 20 желтоқсандағы № 2526 нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген және 2013 жылдың 26 желтоқсандағы "Жетісу" мен "Огни Алатау" газеттерінің № 143 сандарында жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Досымбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі  
КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мұсаханов

А. Мамытбеков

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы "30" 07  
"2014 жылға арналған басым дақылдар  
өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік  
шаруашылығы өнімінің шығымдылығы  
мен  
сапасын арттыруды субсидиялау туралы"  
№ 277 қаулысына 1-қосымша

## Алматы облысы бойынша 2014 жылға арналған басым ауылшаруашылық дақылдардың тізбесі

№	
р/с	Ауылшаруашылық басым дақылдардың атауы
1	Күздік бидай
2	Арпа
3	Дәндік жүгері

4	Күріш
5	Майлы дақылдар
6	Қант қызылшасы
7	Картоп
8	Көкөніс және бақша
9	Жабық топырақтағы көкөністер
10	Жемшөптік дақылдар
11	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы
12	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көпжылдық шөптер бойынша (көпжылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ғана ескеріледі)
13	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы "30" 07  
"2014 жылға арналған басым дақылдар  
өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік  
шаруашылығы өнімінің шығымдылығы  
мен  
сапасын арттыруды субсидиялау туралы"  
№ 277 қаулысына 2-қосымша

**2014 жылға арналған басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар нормалары**

№ р/с	Ауыл шаруашылық басым дақылдардың атауы	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялар нормалары, теңге	1 тоннаға арналған бюджеттік субсидияның нормасы, теңге
1	Күздік бидай	1200	
2	Арпа	2400	
3	Дәндік жүгері	30000	
4	Күріш	26000	
5	Майлы дақылдар, соның ішінде:		
5.1	күнбағыс	4500	
5.2	майбұршақ	8000	
5.3	мақсары	4500	
6	Қант қызылшасы	30000	1500
7	Картоп	17000	
8	Картоп (өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген)	34000	
9	Көкөніс-бақша	15000	
	Көкөніс-бақша (өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суару жүйесін		

10	колданып өсірілген)	30000	
11	Жемшөптік дақылдар	6500	
12	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарындағы	6500	
13	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көпжылдық шөптер бойынша (көпжылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ғана ескеріледі)	6500	
14	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	6500	
15	Өнеркәсіптік жылыжай кешенінде өсірілген жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	3000000	
16	Фермерлік жылыжайда өсірілген жабық топырақтағы көкөністер (1 дақыл айналымына)	2700000	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК